

**Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі
Туризм комитетінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 маусым N 843.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.19. N 1755 қаулысымен. ~P991755

"Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 355 P990355_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Туризм комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм

министрлігі Туризм комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2201 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 28-жолдағы:

"Қазақстан Республикасы Білім Алматы қ. аумағында жүзеге және мәдениет министрлігінің асырылатын қызметтен басқа туризм және спорт департаменті туристік қызмет"

деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

25 маусымдағы N 843

қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және
туризм министрлігінің Туризм комитеті туралы
Ереже

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Туризм комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің құзыреті шегінде туризм саласындағы арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде есепшоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабын білдіруге құқылы.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Туризм комитеті Мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджетте тиісті жылы Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігін ұстауға арналған қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Егер Комитетке заң актілерімен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқықтар берілсе, онда мұндай қызметтен түскен табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

Комитетке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға кіруге тыйым салынады.

Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) туризм саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз қызметінің саласында заңдардың қолданылу тәжірибесін талдау және қорыту оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу туризм саласында заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

3) туризм саласындағы отандық қызмет көрсету рыногын зерделеу, талдау және болжау;

4) туризмнің материалдық-техникалық базасын құруға қатысу және дамыту;

5) туризм саласында мамандарды даярлауға қатысу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру;

6) мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып туризм саласында зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге

асырады:

1) туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырады, туризм саласында перспективалық, күнделікті және нысаналы бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады;

2) туризм саласына қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

3) туризм инфрақұрылымын құру туристік өнімдерді өндіру үшін инвестицияларды тартуда бірыңғай стратегияны қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

4) Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес халықаралық, аймақаралық және ішкі туристік байланыстарды жүзеге асырады;

5) Республиканың туризм мәселелері жөніндегі заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады, туризм саласындағы халықаралық және аймақаралық шарттардың, үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

6) туристік тауарлар мен қызмет көрсетулердің республикалық көрмелерін дайындауды және өткізуді жүзеге асырады, халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысатын туристік ұйымдарды айқындайды;

7) туристерге қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын әзірлейді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Негізгі міндеттерді іске асыру және өз міндеттерін жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің мынадай құқықтары болады:

1) нормативтік құқықтық актілер шығару

2) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан өз функцияларын орындауға қажетті ақпарат сұрату және алу;

3) көпжақты халықаралық туристік байланыстарды дамытуға қатысу;

4) туристік ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың туризм саласындағы қызметін үйлестіру;

5) туризмді дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу нысаналы бағдарламалар мен жобаларға бөлінетін республикалық бюджеттің қаражатын бөлу жөнінде ұсыныстар енгізу, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылауға қатысу;

6) кадрларды қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың, олардың

қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің бағдарламаларын бекіту және үйлестіру, симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, басқадай оқу түрлерін және туризм жөніндегі мамандармен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;

7) халықаралық, аймақаралық және республикалық туристік іс-шаралар өткізу;

8) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектеуде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді.

18. Осы мақсаттарда Төраға:

1) өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыретінің шегінде Комитеттің барлық қызметкерлерінің орындауы

үшін міндетті бұйрықтар шығарады;

- 5) бекітілген штат санының лимитінде Комитеттің штаттық кестесін бекітеді;
- 6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;
- 7) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Комитетті білдіреді;
- 8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
24 маусымдағы N 843
қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар
және туризм министрлігі Туризм комитетінің
Құрылымы

Басшылық
Туризмді дамыту басқармасы
Туризмді ұйымдастыру басқармасы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК